

ЭОК 801.81

ҒТАХР 16.21.33

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.2.81.029>

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ РЕПРЕЗЕНТТЕЛУІ (М.ШАХАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

*Турикбенбаева Н.Т.¹, Дюсембина Г.Е.²

*^{1,2}Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақала құндылықтар теориясының шығу тегі, даму жолы және олардың классификациясына арналады. Ұлттық құндылықтардың репрезенттелуі қазақ әдебиетінің сыршыл ақыны М.Шаханов шығармалары негізінде ұсынылады.

Мақалада шетел ғалымдарымен бірге отандық ғалымдардың осы бағытта жазылған монографияларына, мақалаларына шолу жасалды. Құндылықтар теориясының даму жолында философиядан бастау алатын аталмыш теория аксиология ғылымы ретінде жеке бөлініп шығып, лингвистика саласымен пәнаралық байланыс орнатылғандығы жайында баяндалады. Ұлттық құндылықтар лингвистикада Б.С.Ерасовтың классификациясына сәйкес тіршілік; әлеуметтік; саяси; моральдық; діни; эстетикалық деген түрлерге бөліп қарастырылады. Әр этнос өкілдерінің өмірлік ұстанымына, ділдік, тәрбиелік ерекшеліктерінің бағалануына қарай құндылықтар жүйесі әртүрлі болатындығы мақалада кеңінен сөз болады.

Зерттеудің мақсаты – қазақ ұлты өкілдері үшін «ар» құндылығы барлық құндылықтардың бастауында тұратындығын М.Шаханов поэзиясындағы өлең жолдарында кездесетін «ар» концептісін құрушы ассоциативті өрістердің репрезенттелуі арқылы дәйектеу.

Мақала авторлары зерттеу нәтижесінде қазақ халқының ұлттық құндылықтарын «мал – жан – ар» үштік танымында қарастырып, жоғарыда көрсетілген классификацияға сәйкес, «мал» ұғымын әлеуметтік категорияға, «жан» ұғымын тіршілік категориясына, «ар» ұғымын моральдық категорияға жатқызады. Зерттеу нәтижесінде аталған құндылықтардың М.Шаханов шығармашылығында лексикалық және грамматикалық бірліктер мен синтаксистік құрылымдар арқылы репрезенттелетіні дәлелденді.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы: мақалада келтірілген тұжырымдар аксиология, когнитология, лингвомәдениеттану ғылым салаларын түсінуге жол ашады. Зерттеудің теориялық қорытындылары тіл мен ойлау, тіл мен сөйлеудің өзара қарым-қатынасын, ұлттық құндылықтар қызметін түсінуге үлес қосады.

Тірек сөздер: құндылықтар теориясы, құндылықтар жүйесі, ұлттық құндылық, аксиология, репрезентация, лингвомәдениеттану, концепт, когнитивті лингвистика

Кіріспе

Белгілі бір мәдениеттің әлеуметтік субъект үшін маңызды болып табылатын құрылымдық тұтастығы «құндылықтар жүйесі» ұғымымен сипатталады. Зерттеушілердің пайымдауынша, құндылықтар жүйесі бірнеше деңгейден тұрады. *Біріншіден*, өмірдің мәніне қатысты құндылықтар – жақсылық пен жамандық, бақыт, өмірдің мақсаты мен мәні туралы іргелі түсініктер. *Екіншіден*, әмбебап сипаттағы құндылықтар, олардың қатарына: а) тіршілікке қатысты құндылықтар (*өмір, денсаулық, жеке қауіпсіздік, ал-ауқат, отбасы, білім, біліктілік, құқықтық тәртіп*); ә) қоғамның мойындауына негізделген құндылықтар (еңбекқорлық, әлеуметтік мәртебе); б) тұлғааралық қарым-қатынас нормалары (*адалдық, риясыздық, ізгі ниет*); в) демократиялық ұстанымдар (*сөз бостандығы, ар-ождан еркіндігі, егемендік*) жатады. *Үшіншіден*, партикулярлық деңгейдегі құндылықтар айқындалады, олардың құрамына отбасына деген сүйіспеншілік және фетишистік сипаттағы сенімдер (*құдайға сену, абсолютке ұмтылу*) енеді.

Ғылыми дискурста «құндылық» және «құндылықтар жүйесі» категориялары ХХ ғасырдың 20-жылдарынан бастап жеке тұлғаның құндылық бағдары ұғымымен сабақтастықта қарастырыла бастады. Бұл түсінік тұлғаның мінез-құлқын реттейтін ішкі тетік әрі әлеуметтік сипаттағы бағдар ретінде сипатталады. Қоғамдағы әлеуметтік-саяси өзгерістер құндылықтар жүйесінің динамикасына ықпал етіп, салыстырмалы түрде тұрақты саналатын құндылық бағдарлардың да трансформациясына әсер етеді.

Қазіргі кезеңде құндылықтар бағдарының материалдық игіліктерге қарай ойысу үрдісі байқалады. Бұл құбылыс қазақ дүниетанымындағы «құндылық» ұғымының теориялық тұрғыдан толық жүйеленбеуімен және ұлттық құндылықтардың тілдік жүйедегі көрінісі мен қызметінің жеткілікті деңгейде зерттелмеуімен байланысты. Осыған орай философиялық негізден бастау алып, әлеуметтану мен лингвистика тоғысында дамыған жалпыадамзаттық құндылықтар категориясын кешенді талдау қажеттілігі туындайды. Ұлттық құндылықтардың қазақ дүниетанымындағы орнын айқындау және олардың көркем мәтінде тілдік репрезенттелу ерекшеліктерін саралау – зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Зерттеу нысаны ретінде құндылықтар теориясына арналған ғылыми еңбектер мен М.Шаханов шығармаларында тілдік бірліктер арқылы көрініс тапқан ұлттық құндылықтар жүйесі алынды.

Мақала жазу барысында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды жіктеудің ғылыми үлгісі ұсынылып, қазақ аксиосферасының өзегін құрайтын «*мал – жан – ар*» когнитивті триадасының М.Шаханов поэзиясындағы репрезенттелу ерекшеліктері лингвистикалық тұрғыдан негізделді. Сонымен қатар ақын шығармаларындағы құндылықтар жүйесі ассоциативті өрістерді модельдеу әдісі негізінде алғаш рет сараланып, ұлттық кодтың тілдік бірліктердегі көрінісі айқындалды.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Құндылықтар категориясы түсінігі жайында шетел ғалымдары О.Г. Дробницкий, В.В.Ильин, Е.В.Бабаева, А.К.Усачева, С.Н.Виноградов, А.И.Субетто, С.Ф.Анисимов, А.В.Голованова, Е.Ф.Серебренникова, П.Уилиям, және т.б. ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды. Ал құндылықтар ұғымын классификациялау кезінде Б.С.Ерасовтың еңбегі негізге алынды. Ұлттық құндылықтардың жекелеген категориялары бірқатар отандық зерттеушілердің, атап айтқанда, Т.Б.Жунусова, Д.С.Рыспаева, Ж.Г.Темирова, Н.Ә.Ильясова, Г.Е.Дюсембиналардың еңбектеріне сүйене отырып айқындалды.

Қазақ ұлттық құндылықтарының репрезенттелуі ақын М.Шахановтың поэзиясына сүйене отырып дәйектелді. Ақын шығармашылығы ұлттық болмысты, тарихи сана мен моральдық-этикалық құндылықтарды терең бейнелейтін мазмұнмен ерекшеленеді. Осы орайда, зерттеу материалдары ретінде ақынның «Эверестке шығу» атты өлеңдер жинағындағы «Ғашықтық ғаламаты», «Еркектер жыры», «Арман», «Жайықпен жүздескенде», «Жалын», «Жанерке», «Жігерлендіру» және т.б. 21 өлеңіндегі ұлттық дүниетанымды танытатын тілдік бірліктер контекстуалдық талдау арқылы іріктеліп алынды. Осы әдіс арқылы сөздің немесе сөз тіркесінің мағынасын оның мәтіндегі қолданысына талдау жасай отырып, ұлттық құндылықтарды таңбалаушы бірліктерді анықтауға қол жеткізілді. Мысалы, «ар» құндылығы «*рух, намыс, инабат, ұят*» бірліктері арқылы көрініс тапқан. Ал «*Құмырсқадай құжсынаған қалың жылқы белесте, Керек десең, есебінен жаңылыстым емес пе*» деген өлең жолдарындағы «*құмырсқадай құжсынаған*» тіркесі мәтіндегі қолданысына қарай материалдық құндылықты құраушы «мал» концептісін меңзеп тұрғандығы анықталды.

Сонымен бірге мақала жазу барысында сөздің жай мағынасын емес, оның астарында жатқан ұлттық танымды, салт-дәстүрді және халықтық менталитетті ашуға бағытталған лингвомәдени талдау әдісі де пайдаланылды. Мысалы, «*көз жұму*», «*бас құрбан*» «*тән көмілу*» тұрақты тіркестері арқылы «жан» концептісі бейнеленген. «*Көз жұму*» тіркесінің мәдени астары «*бақилық әлемге өту*», құндылығы қазақ мәдениетінде «*өлді*» деген сөзді тікелей айтудан қашқан, себебі тілдегі «*кие*» ұғымына сүйенген.

Өлең мәтіндегі құндылықтарды белгілі бір ортақ белгілеріне қарай жүйелеп, категорияларға бөлу мақсатында классификациялау әдісі де қолданылды. Бұл әдіс арқылы М.Шаханов шығармаларындағы тілдік деректер негізінде ұлттық құндылықтардың түрлері (мал, жан, ар) анықталды.

Мақала жазу барысында лексикалық (құндылықты білдіретін атаулар, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер), грамматикалық (жіктік жалғаулары, модальділікті білдіретін құрылымдар, синтаксистік ерекшеліктер) бірліктерге назар аударылды. Бұл бірліктер ұлттық сана мен құндылық концептісінің тілдегі репрезенттелуін айқындауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Құндылық ұғымын зерттеу тарихы ежелгі дәуірден басталса да, бұл өте күрделі, әлі күнге дейін толық нақтыланбаған ұғым. Бұл ұғым философиялық категория ретінде қарастырылады, бірақ жоғарыда айтылғандай, әлеуметтануда құндылық бағдарлары түрінде де пайда болады.

«Құндылық» ұғымы XIX ғасырдың аяғында жеке пән ретінде қалыптасқан құндылықтар теориясының, яғни аксиологияның пайда болуына негіз болды. Аталмыш теория ежелгі философиядан бастау алады.

XX ғасырдың аяғында құндылықтар тіл білімі ғылымының зерттеу нысанына айналады. Осы кезден бастап тіл білімінде «аксиологиялық лингвистика» деген жаңа сала пайда болады. Жаңа саланың зерттеу міндеті тілдік тұлғаның ішкі әлемінің мазмұнын, белгілі бір тілде сөйлейтін жеке тұлға мен қоғамның құндылық бағдарларын зерттеудегі әдістеме мен технологияны анықтауды, сондай-ақ жетістіктерді тіл білімінің әртүрлі салаларына енгізуді көздеді.

Құндылықтарды түсіну мен түсіндіруде әр тарихи дәуір мен философиялық бағыттың өзіндік үлесі бар. Ежелгі дәуірде құндылықтар мәселесіне қатысты сұрақтарды талқылау сұлулық, жақсылық, зұлымдық туралы ойлау түрлерінде кеңінен таралды. Орта ғасырларда құндылықтар Құдай болмысымен байланысты болды; Қайта өрлеу дәуірі гуманизм құндылықтарын бірінші орынға қойды, Жаңа заманда ғылымның дамуы заттар мен құбылыстарды құндылық ретінде қарастырудың негізгі тәсілін анықтады, ал XVII ғасырда адамның еркі, бостандығы, ішкі белсенділігі алғаш рет құндылық ретінде қарастырылды.

Аксиологияда «құндылық» ұғымына берілген бірыңғай анықтама жоқ. Көптеген ғалымдар құндылық ұғымы қызығушылыққа негізделген деп көрсетеді. Мәселен, О.Г.Дробницкий «қалау, қажеттіліктен бастап, ұмтылыс, қызығушылық және т.б. объектісі болып табылатын барлық дүниелерді құндылық» [1, 25 б.] деп тұжырымдайды. Адамзаттың тәжірибесіне, қажеттіліктеріне және әлеуметтік қатынастарына сүйене отырып, адамның бір нәрсеге деген қызығушылығы артады. Мысалға, жеке тұлға немесе этностар тобы белгілі бір нысанға барынша қызығушылық танытатын болса, сол нысанның құндылығы бар деп айтуға болады. В.В.Ильин «белгілі бір қызығушылықтың, қалаудың мәні, адам үшін маңызды нысан құндылық болады» [2, 202 б.] деп көрсетеді.

Философиялық энциклопедияларда бұл ұғымға кеңірек анықтама берілген. Құндылық дегеніміз – жеке тұлғаның бүкіл интенционалды құрылымының ең терең қабатының «вербалды емес», қарапайым құрамдас бөліктері. Құндылықтар заттардың мақсаты (болашақ аспектісі), қазіргі ерекше тәжірибесі (қазіргі аспект) және оның «игілігін» жүректің түкпірінде сақтау (өткен аспект) әрекеттерін қамтиды, бұл жеке тұлғаның бірегей субъективті болмысы ретіндегі ішкі әлемін белгілейді.

Лингвистикалық зерттеулерден де зерттеудің мақсаттары мен

міндеттеріне және сөйлеу материалының сипатына байланысты «құндылық» ұғымына берілген анықтаманың әртүрлі екендігі де байқалады. Н.Ф.Алефиренко «Лингвомәдениеттану. Тілдің құндылық-семантикалық кеңістігі» атты оқу құралында материалдық немесе рухани нысандарды емес, адамның қоршаған әлемге деген құндылық бағдарын білдіретін «модустық (мәдени маңызды) қатынастарды» құндылықтар деп атайды. Кейбір зерттеушілер құндылықты анықтау үшін мінез-құлық сияқты ұғымдарға сүйенеді. Е.В.Бабаева «тұлғаны өзінің әрекетіне бағыттайтын, сонымен бірге оның мінез-құлық нормаларын белгілейтін мақсаттарды» [3, 60 б.] құндылық деп санайды, ал А.Н.Усачеваның анықтамасында құндылық ретінде «белгілі бір этностың бойынан, ана тілінен көрініс табатын әлемнің құндылық бейнесін құрайтын, әлемге деген баға беру және іс-әрекеттік қатынастардан туындайтын, адам мінез-құлқының түрлері туралы тарихи қалыптасқан, жинақталған түсініктер» [4, 26 б.] көрсетіледі.

Лингвомәдениеттану саласына қатысты С.Н.Виноградов құндылыққа «қоғамдық және жеке тұлғалық деңгейдегі нақты объектілер мен құбылыстардың маңыздылығын (мәнін) анықтайтын, сондай-ақ адамдардың іс-әрекетінен көрініс табатын идеалды таным» [5, 93 б.] деген анықтама береді. Ғалымның пікірінше, құндылықтың объективті мәні адамдардың құндылықтар туралы түсініктерін тіл және сөйлеу арқылы, белгілі бір тілде сөйлейтін адам жасаған құндылықтың ауызша модельдері арқылы көрінеді. Құндылықтардың көрініс табу мысалдары олардың *жақсылық, бостандық, әділеттілік, шындық, сұлулық* және т.б. атаулары болуы мүмкін.

Байқап отырғандарыңыздай, ғылымда құндылықтардың біртұтас, толық қамтылған классификациясы жоқ. Ондай көзқарасты қазақ ғалымдары Т.Б.Жунусова мен Д.С.Рыспаеваның мақалаларынан да байқауға болады: «Құндылық» ұғымын түсіндіру қиындық туғызады, өйткені оның әр адам мен әр мәдениет үшін өзіндік маңызы бар. Дегенмен, жалпы алғанда, құндылықты маңызды және қажетті деп танылған нысан ретінде қарастыруға болады» [6]. Ғалымдар көбіне болмыс салалары (*табиғат, мәдениет, қоғам құндылықтары*), өмір сүру тәсілі (*материалдық, рухани, рухани-материалдық*), мазмұны (*заттай, этикалық, эстетикалық, логикалық*), адам өміріндегі маңыздылығы (*күнделікті құндылықтар мен тұтыну құндылықтары*) және т.б. бойынша құндылық түрлерін ажыратып көрсетеді. Ресми тұрғыдан құндылықтар *оң және теріс, салыстырмалы және абсолютті, субъективті және объективті* болып бөлінеді.

Философ-ғалымдар ұсынған кейбір классификацияларға жасалған шолуға сәйкес, А.И.Субетто құндылықтарды «пирамида» түрінде көрсетеді. Оның негізін халық менталитетінің құндылық архетипін құрайтын, баланы мәдени ортаға енгізудің алғашқы кезеңдері арқылы берілетін және өмір бойы тұрақты болып қалатын негізгі құндылықтар құрайды [7, 619 б.]. Құндылықтар пирамидасының жоғарғы қабаттары – тез өзгертін, оңай басқарылатын және әсер ететін құндылықтардан тұрады.

С.Ф.Анисимовтың пікірінше, болмыстың құндылықтарын былайша көрсетуге болады: «1) жоғары құндылықтар – адамзат, адам; 2) материалдық құндылықтар – адамзаттың өмір сүруіне қажетті табиғи ресурстар, еңбек, құралдар және т.б.; 3) әлеуметтік өмірдің құндылықтары – қоғамдық құрылымдар, институттар, отбасы, ұлт, тап, мемлекет; 4) рухани өмір мен мәдениет құндылықтары – рухани қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған ғылыми білім, идеялар, нормалар, идеалдар» [8, 23 б.].

Лингвист ғалымдардың көзқарастары бойынша құндылықтар өзгеше классификацияланады. Мысалы, А.В.Голованованың жұмысында құндылық субъектінің объектіге қатынасы ретінде қарастырылады, сондықтан құндылықты түсіну осы қатынастың табиғатын анықтайтын позицияны анықтауға негізделеді. Олар: «1) этикалық (адамгершілік), 2) эстетикалық, 3) пайдасы тиетін (утилитарлық), 4) гедонистік» [9, 56 б.].

Е.Ф.Серебреникованың классификациясында құндылықтардың 5 арнайы саласы көрсетіледі: «1) Ақиқат саласы (құндылық «шын/жалған» термині арқылы анықталады); 2) Әдемілік саласы (құндылық «әдемі/әдемі емес» термині арқылы анықталады); 3) Этика саласы (құндылық «жақсы/жаман» термині арқылы анықталады); 4) Рақаттану саласы (құндылық «жағымды/жиіркенішті» термині арқылы анықталады); 5) Практикалық пайда саласы (құндылық «пайдалы/пайдасы жоқ/зиянды» термині арқылы анықталады» [10, 29 б.].

Мақала авторларының пікірінше, құндылық дегеніміз – адамдар үшін ең бағалы дүние. Ол зат, әлеуметтік құбылыстар, адамның әрекеттері және моральдық өлшемдер болуы мүмкін. Құндылықтардың негізгі қызметі – белгілі бір әлеуметтік жағдайларда адамның мінез-құлқын реттеу. Құндылықтардың тасымалдаушысы – жеке тұлға. Ол құндылықтарды іштей қабылдау немесе қабылдамау арқылы өзінің ұстанымын білдіріп отырады. Сонымен бірге олардың ерекше сипаты бар деп біледі.

Теориялық жұмыстарға жасалған шолу көрсеткендей, аксиологияда құндылықтарды классификациялаудың түрлі нұсқалары бар. Мақала аясында авторлар Б.Ерасов ұсынған классификацияны [11] негізге алды. Ғалым құндылықтардың алты санатын ажыратып көрсетеді:



Сызба 1 – Құндылықтардың классификациясы
(Б.Ерасов классификациясы)

Осы көрсетіп отырған құндылықтардың барлығы лингвомәдениеттану ғылымы тұрғысынан *жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар* деп екі үлкен топқа жіктеледі.

Ұлттық құндылықтар дегеніміз – белгілі бір мәдени топтың мүшелері бағалы деп санайтын негізгі сенімдер, идеалдар мен принциптер. Олар сол мәдени топтың санасында терең тамыр жайып, өмірдің барлық салаларында, соның ішінде тілде көрініс табады. Көрсетілген құндылық категорияларын әр этнос өкілі өзінше бағамдайды. Г.Е.Дюсембина ұлттық құндылықтардың адам бойына бала кезден бастап, ана сүтімен ана тілі арқылы сіңетіндігі жайында айта келіп, «Құндылықтарды танудағы ең қиын мәселе – нағыз құндылықтарды жалғандарынан ажырата білу» [12, 15 б.] деп көрсетеді. Мақала авторлары қазақ санасындағы құндылық ұғымы «*малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы*» деген тұжырымнан тұрады деп болжайды. Себебі, ғалымдардың көрсетуінше «Ұлттық құндылықтар – ұлттың материалдық және рухани жетістіктерін айқындап, әлеуметтік мәдени ортаны сақтауға қызмет атқаратын, қоғамның ұлттық бірегейлігін танытатын категория» [13, 131 б.]. Қазақ үшін материалдық байлық өлшемі мал болатын. Сол үшін де қазақтар ертеректе «*мал-жан аман ба?!*» деп қал сұрасқан. Десек те, басқа іс түскенде малдан қарағанда жанды жоғары қояды. Жан концептісі өмір, отбасы және т.б. сияқты ассоциативті өріске тең. Жоғарыдағы кесте арқылы көрсеткен Б.Ерасов классификациясына сәйкес *мал* әлеуметтік категорияға тең болса, *жан* тіршілік құндылығы категориясына жатады. Қазақ халқы осы екі құндылықтан да моральдық құндылықты әрқашан жоғары ұстағандығын осы келтірілген халық даналығынан анық байқауға болады. Демек бір халықтар үшін моральдық құндылық жетекші рөл атқарса, кейбір халықтар үшін діни құндылық [14, 39 б.] немесе басқа да құндылықтар бірінші орында тұруы мүмкін. Қазақ халқы үшін «ар» моральдық құндылығы әрқашан да жоғары бағаланғандығын бізге дейін «ар» концептісіне қатысты зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектерінен байқауға болады. «Ар» ұғымының бойында ерекше түсінік бар және ол жеке тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын реттейтін моральдық-этикалық категорияларға жатады. Бұл адамның қадір-қасиеті, адалдығы, жауапкершілігі, шыншылдығы, тектілігі, ар-ожданы сияқты адамгершілік қасиеттерін бағалаумен байланысты қолданылады» [15, 153-154 бб.].

Ғылыми дискурста кез келген лингвомәдени құндылық (концепт) үш компоненттен тұратындығы белгілі: Ұғымдық – бейнелік – құндылық. Мал, жан, ар концептілерінің бейнелік құрылымын төмендегідей кесте арқылы көрсетуге болады.

Кесте 1. Мал, жан, ар концептілерінің бейнелік сипаты

концепт	тілдік бейнесі	концептуалдық мәні
мал	Малдану, мал жию, малдың құлы болу, мал-жанның амандығы	Тән қалауы мен мұқтаждық
жан	Көз жұму, тән көмілу, жан тәсілім ету, жаны мұрнының ұшына келу	Тіршілік үшін күрес
ар	Арын сату, ары таза, намыс, ұят	Тұлғалық деңгей, имандылық

Мал – тіршіліктің негізі, өмір сүру үшін қажет нәрсе, байлық. Бейнелік тұрғыдан қажеттілік туған жағдайда қия салатын ең төменгі құндылық. Материалдық деңгей. Жан – өмір, тіршілік иесінің өзі. Малдан биік, ардан төмен тұратын биологиялық/рухани құндылық. Ар – адамды өзге тіршілік иесінен ерекшелейтін рухани тазалық пен намыстың символы. Қазақ халқы үшін ең жоғарғы этикалық/абсолюттік құндылық.

Аталмыш мақала қолданбалы бағытта жазылғандықтан, құндылық ұғымына терең талдау жасалмады. Мақаланың келесі бөлігінде тұлға санасында көрініс тапқан құндылықтардың тіл арқылы репрезенттелу бағытына назар аударылады.

Мақала авторлары «құндылық кез келген этникалық мәдениеттің негізін құрайды» деген ұстанымды басшылыққа алады. Олар тілдік санада көрініс тауып, тілдің барлық жүйесін қамтиды. Атап айтқанда, лексикалық, грамматикалық бірліктерден көрініс табады. Оны сызба арқылы былай көрсетуге болады:



Сызба 2 – Ұлттық құндылықтардың тілдік санада репрезенттелуі

Зерттеу мақала деңгейінде, көлемінің шектеулі болуына орай, қазақ халқының құндылықтар жайындағы ұстанымы «*малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы*» фразеологиялық бірлігі төңірегінде өрбиді. Дәлірек айтқанда, қазақ ұғымында құндылықтар пирамидасының жоғарғы жағында сатылап орналасқан «ар», «жан», «мал» концептілерінің М.Шаханов шығармаларында репрезенттелуі жайында талдау жасалмақ.

«Ар» лингвомәдени бірлігі ақын шығармасында «... *жанын қизан ар үшін*» деген грамматикалық бірліктермен репрезенттеледі. Сонымен бірге «*арың өлсе, тәнің қатар өледі*», «*Егер қарын байлығынан рухымыз пәс*

тұрса» деген синтаксистік құрылым арқылы «ар болмаса, тәннің қажеті жоқ екенін», «ардың қазақ үшін ең жоғары құндылық екендігін» бейнелейді.

Ақын шығармасында «ар» моральдық құндылығы келесідей вербалды бірліктермен бейнеленген:

Лексикалық бірліктер арқылы репрезенттелуі: *«Рух қашып бара жатыр өзің өскен қырқадан», «Рухсыз ел тауыққа ұқсас, шыға алмайды самғауға», «Қастерлеген бақыт атын, ар атын», «Рух қанаты қайырылған, Елден сорлы ел бар ма екен жалғанда!?!», «Намыс туы желбіреген өрінде», «Инабатты, албырт әрі ұятты»* және т.б. Келтірілген мысалдардан ақын «ар» ұлттық құндылығын мағынасы жақын сөздер арқылы (*рух, намыс, инабатты, ұятты*) бейнелеген. Олар «ар» концептісін құрушы өрістер болып табылады.

Грамматикалық бірліктер арқылы репрезенттелуі. Жоғарыда айтылып кеткендей құндылықтардың грамматикалық категория арқылы репрезенттелуі грамматикалық және синтаксистік тәсілдерді қамтиды. Грамматикалық дегенде кейбір грамматикалық формалар (еркелету, кішірейту және т.б.) арқылы жасалған бірліктер, ал синтаксистік дегенде сөйлемдегі сөздердің белгілі бір ретпен келуі айтылып тұр. Мысалға, *«Кімнің ары бір сәтке қалғып кетсе, Шекарада қалуға қақысы жоқ», «Ар-намыстың құрбандығы Аз болмапты, қайраулы әлі әділеттің балтасы», «Кимекпісің қорқақ атын ноқта ғып», «Намыстанам, бүркіт ұшқан қияда, Жапалақтың ұясы бар дегенге», «Орамалың пәктіктің белгісіндей», «Өзінің ең қасиетті әнін қорғай алмаған жан», «Тез сөндірдің жігеріңнің жарқылын», «Қараладың қасиетті мекенді, Жараладың тұрмастай ғып әкеңді», «Қастерлінің бәрін жыққан табанға», «Ұятқа қалмауға тиістіміз, Ақсақал тарихтың алдында»,* және т.б.

М.Шаханов шығармаларынан грамматикалық тәсілдер арқылы берілген ұлттық құндылықтарды кездестіру мүмкін болмады. Авторлар бұл жерде сөз түрлендіруші қосымшалар арқылы жасалған тәсілдер айтылып отырғанын назарларыңызға салып қойғылары келеді. Бірақ ақын ұлттық құндылықты грамматикалық тәсілдер арқылы бермеді деп түбегейлі шешім шығаруға болмайды. Авторлар алдағы уақыттарда шығармаларына толықтай талдау жасау барысында анықталып қалуы мүмкін деген ойда.

Ақын шығармасында «жан» тіршілік құндылығы келесідей вербалды бірліктермен бейнеленген:

Лексикалық бірліктер арқылы репрезенттелуі: *«Жан досының жұбайы да көз жұмыпты мәңгілік» «Ақ тілегің алдыңда болсын, жаным, бас құрбан», «Рухымыз еңкейген жоқ, тек тәніміз көмілді»* және т.б. Лексикалық бірліктер белгілі бір мәдениеттің дүниетанымын білдіреді және осы дүниетанымның ерекшеліктерін көрсететін тұрақты бірліктерді қамтиды. Атап айтқанда, бұл жағдайда фразеологиялық бірліктердің рөлі ерекше. Мақал-мәтелдер және идиомалық тіркестер мәдениеттің

семантикалық әлеуетін көрсете отырып, мінез-құлық нормаларын, адамгершілік принциптерін және адамдардың өмірдің әртүрлі аспектілеріне қатынасын білдіреді. Ақын шығармашылығында келтірілген «көз жұму», «бас құрбан» «тән көмілу» тұрақты сөз тіркестері «жан» құндылығының қасиетін толықтай ашып тұр. Ондай мысалдарды шығарма бойынан көптеп кездестіруге болады.

Грамматикалық бірліктер арқылы репрезенттелуі: «*Жүріп келем, тау суындай тыншымайтын жаным бар, Ай маңдайлы арым бар*», «*Арымды келемін қанат зып, Жаныма бір тыным бермедім*», «*Мен десе жаның даладай*», «*Рухы, жаны аласаның зорлық жатар парқында*», «*Міне солай шорт үзілді асыл ән*», «*Төмпешікке айналар бір жылдарда*», «*Қара жердің құшағында жатарсың*» және т.б. мысалдарда «жан» құндылығы синтаксистік категория тұрғысынан жасалып тұрғанын байқауға болады.

«Мал» әлеуметтік құндылығы келесідей вербалды бірліктермен бейнеленген: «*дәулет*», «*байлық*», «*Құмырсақдай құжынаған қалың жылқы белесте, Керек десең, есебінен жаңылыстым емес пе?*». Бұл жерде «мал» әлеуметтік құндылығы «дәулет», «байлық» синоним сөздері арқылы лексикалық деңгейде репрезенттеліп тұрса, «*Құмырсақдай құжынаған...*» деп басталатын өлең жолдарында «байлық» концептісін құраушы «мал» категориясы белгілі бір сөздердің тіркесуі арқылы синтаксистік деңгейде репрезенттеліп тұр.

Қорытынды

Құндылықтар жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар деп екі топқа бөлінеді. Ұлттық құндылықтар деп – белгілі бір этнос өкілдерінің білімінде, тәрбиесінде, сенімінде және т.б. бағалы болып табылатын принциптер танылады.

Қазақ халқы ұғымында құндылықтар жүйесінде мал – жан – ар концептілері ерекше орын алады. Бұл концептілер ұлттық құндылықтардың классификациясында материалдық, биологиялық/рухани, этикалық/абсолюттік болып, деңгейлей орналасқан. Лингвомәдениеттану тұрғысынан олардың өзіндік сипаты (концепт, тілдік бейнесі, концептуалдық мәні) бар.

Аталмыш құндылықтар М.Шаханов шығармасында тұрақты тіркестер, бағалауыштық бірліктер және т.б. арқылы лексикалық категорияда, белгілі бір еркелету, кішірейту мағынасындағы сөз түрлендіру жұрнақтары арқылы грамматикалық категорияда, қандай да бір сөздердің белгілі бір ретпен қолданылуы арқылы синтаксистік категорияда репрезенттеледі.

М.Шаханов туындыларында ұлттық құндылықтарды жоғарыда анықталғандай лингвомәдени бірліктер арқылы өз оқырмандарының санасына сіңіруге үлкен күш салғандығын байқауға болады. Нақтырақ айтқанда, тұрақты тіркестер, бағалауыштық бірліктер, синонимдік қатарлар, сөздердің белгілі бір ретпен қолданылуы арқылы малдың (материалдық

құндылық) күнделікті тұрмыс-тіршілікте қажет екендігін, жанның (биологиялық/рухани құндылық) материалдық құндылықтан жоғары тұратындығын, ар үшін (этикалық/абсолюттік құндылық) малды да, жанды да құрбан етуге болатындығын репрезенттейді. Ұлттық құндылықтар ақын туындыларынан әсіресе, фразеологиялық бірліктер арқылы репрезенттелгендігін жиі кездестіруге болады. Оның себебі де жоқ емес. Фразеологиялық бірліктер белгілі бір этностың шығу тегі мен мәдениетін, сондай-ақ тіл мен мәдениеттің ұлттық компоненттерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Дробницкий О.Г. Некоторые аспекты проблемы ценностей // Проблема ценности в философии / Под ред. А. Г. Харчева. – Л.: Наука, 1966. – С. 25–40.

[2] Ильин В.В. Аксиология. – М.: Изд-во МГУ, 2005. – 216 с.

[3] Бабаева Е.В. Лингвокультурологические характеристики русской и немецкой аксиологических картин мира: дис. ... д-ра филол. наук. – Волгоград, 2004. – 438 с.

[4] Усачева А.К. Лингвистические параметры концепта «состояние здоровья» в современном английском языке: дис. ... канд. филол. наук. – Волгоград, 2002. – 167 с.

[5] Виноградов С.Н. К лингвистическому пониманию ценности // Русская словесность в контексте мировой культуры // Материалы Междунар. науч. конф. РОПРЯЛ. Н. – Новгород: Изд-во Нижегородского ун-та, 2007. – С. 93-97.

[6] Жунусова Т.Б., Рыспаева Д.С. Выявление современных тенденций в восприятии понятия «ценность» в казахстанском пространстве // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия филологическая. – 2024. – № 2 (73). – С.69-87. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.73.2.005>

[7] Субетто А.И. Сочинения. Ноосферизм. Том второй. Капиталократия. Мифы либерализма и судьба России Глобальный империализм. Ноосферно-социалистическая альтернатива. Разум и Анти-Разум / Под ред. Л.А. Зеленова. – СПб.: КГУ им. Н.А. Некрасова, «Астерион», 2006. – 694 с.

[8] Анисимов С.Ф. Введение в аксиологию: учебное пособие для изучающих философию. – М.: Современные тетради, 2001. – 128 с.

[9] Голованова А.В. Ценности и оценки в языковом отражении: На материале русского и польского языков: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Пермь, 2002. – 16 с.

[10] Серебrenикова Е.Ф. Этносемиотрия как способ лингвистического аксиологического анализа // Лингвистика и аксиология: этносемиотрия ценностных смыслов: коллективная монография. – М.: ТЕЗАУРУС, 2011. – С. 49-76.

[11] Ерасов Б.С. Социальная культурология: Учебник для студентов высших учебных заведений. – М.: Аспект Пресс, 2000. – 591 с.

[12] Дюсембина Г.Е. Мерзімді баспасөздегі ғаламның аксиологиялық бейнесі (саяси мәтіндер негізінде). PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2015. – 190 б.

[13] Ильясова Н.Ә., Тайжанов У.Б., Молдағали Б. Ұлттық құндылықтардың мәнін айқындаудың лингвоаксиологиялық аспектісі // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық серия. – 2025. – № 1. – Б. 129-140. <https://doi.org/10.48081/OLRD4608>

[14] William P. Alston. Religious belief and values // Faith and Philosophy. – 2001. – Vol. 18. – № 1. – P. 36-49. <https://doi.org/10.5840/faithphil200118111>

[15] Юрина Е.А., Темирова Ж.Г. Концепт «честь» и его образные репрезентации в контаминированной картине мира писателя-билингва (на материале рассказа Р. Сейсенбаева «честь») // Вестник Томского государственного университета. Филология. – 2019. – № 61. – С. 149-176. DOI: 10.17223/19986645/61/9

REFERENCES

[1] Drobnickij O.G. Nekotorye aspekty problemy cennostej [Some aspects of the problem of values] // Problema cennosti v filosofii / Pod red. A.G. Harcheva. – L.: Nauka, 1966. – S. 25-40. [in Rus.]

[2] П'ин В.В. Аксиология [Axiology]. – М.: Изд-во МГУ, 2005. – 216 с. [in Rus.]

[3] Babaeва E.V. Lingvokul'turologicheskie harakteristiki russkoj i nemeckoj aksiologicheskix kartin mira [Linguocultural characteristics of Russian and German axiological pictures of the world]: dissertacija ... doktora filologicheskix nauk. – Volgograd, 2004. – 438 s. [in Rus.]

[4] Usacheva A.K. Lingvisticheskie parametry koncepta «sostojanie zdorov'ja» v sovremennom anglijskom jazyke [Linguistic parameters of the concept 'state of health' in modern English]: dissertacija ... kandidata filologicheskix nauk.. – Volgograd, 2002. – 167 s. [in Rus.]

[5] Vinogradov S.N. K lingvisticheskomu ponimaniju cennosti [To the linguistic understanding of value] // Russkaja slovesnost' v kontekste mirovoj kul'tury // Materialy Mezhdunar. nauch. konf. ROPRJAL. N. – Novgorod: Izd-vo Nizhegorodskogo un-ta, 2007. – S. 93-97. [in Rus.]

[6] Zhunusova T.B., Ryspaeva D.S. Vyjavlenie sovremennyh tendencij v vosprijatii ponjatija «cennost'» v kazahstanskom prostranstve [Identification of current trends in the perception of the concept of «value» in the Kazakh space] // Izvestiya KazUMOiMYA imeni Abylay khana. Serija filologicheskaja. – 2024. – № 2 (73). – S. 69–87. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.73.2.005>. [in Rus.]

[7] Subetto A.I. Sochinenija. Noosferizm. Tom vtoroj. Kapitalokratija. Mify liberalizma i sud'ba Rossii Global'nyj imperializm. Noosferno-socialisticheskaja

al'ternativa. Razum i Anti-Razum [Essays. Noospherism. Volume two. Capitalocracy. Myths of Liberalism and the fate of Russia Global imperialism. The noospheric-socialist alternative. Intelligence and Anti-Intelligence]. Pod red. L.A. Zelenova. – SPb.: KGU im. N.A. Nekrasova, «Asterion», 2006. – 694 s. [in Rus.]

[8] Anisimov S.F. Vvedenie v aksiologiju: uchebnoe posobie dlja izuchajushhih filosofiju [Introduction to axiology: textbook for students of philosophy]. – M.: Sovremennye tetradi, 2001. – 128 s. [in Rus.]

[9] Golovanova A.V. Cennosti i ocnki v jazykovom otrazhenii: Na materiale russkogo i pol'skogo jazykov [Values and evaluations in linguistic reflection: On the material of Russian and Polish languages]: avtoreferat dissertacii ... kandidata filologicheskikh nauk: – Perm', 2002. – 16 s. [in Rus.]

[10] Serebrenikova E.F. Jetnosemiometrija kak sposob lingvisticheskogo aksiologicheskogo analiza [Serebrenikova E.F. Ethnosemiometry as a way of linguistic axiological analysis] // Lingvistika i aksiologija: jetnosemiometrija cennostnyh smyslov: kollektivnaja monografija. – M.: TEZAVURUS, 2011. – S. 49–76. [in Rus.]

[11] Erasov B.S. Social'naya kul'turologiya: Uchebnik dlya studentov vy'sshix uchebny'x zavedenij [Social Cultural Studies: A textbook for university students]. – M.: Aspekt Press, 2000. – 591 s. [in Rus.]

[12] Düsembina G.E. Merzımdı baspasözdegi ğalamnyñ aksiologialyq beinesi (saıası mätiuder negızinde) [The axiological image of the Universe in periodicals (based on political texts)]: PhD diss. – Almaty, 2015. – P. 190 [in Kaz.]

[13] İläsova N. Ä., Taijanov U. B., Moldağali B. Ülttyq qüندیlyqtardıñ mänim aiqyndaudyñ

lingvoaksiologialyq aspektısı [The linguoaxological aspect of defining the essence of national values] // Toraiğyrov universitetiniñ Habarşysy. Filologialyq seria. – 2025. – № 1. – B. 129-140. <https://doi.org/10.48081/OLRD4608> [in Kaz.]

[14] William P. Alston. Religious belief and values // Faith and Philosophy. – 2001. – Vol. 18. – No. 1. – P. 36-49. <https://doi.org/10.5840/faithphil200118111>

[15] Yurina E.A., Temirova Zh.G. Koncept «chest`» i ego obrazny`e reprezentacii v kontaminirovannoj kartine mira pisatelya-bilingva (na materiale rasskaza R. Sejsenbaeva «chest`») [The concept of “honor” and its figurative representations in the contaminated worldview of a bilingual writer (based on the material of R. Seisenbaev’s short story «honor»)] // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Filologiya. – 2019. – № 61. – S. 149-176. DOI: 10.17223/19986645/61/9 [in Rus.]

РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ (НА ОСНОВЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ М.ШАХАНОВА)

*Турикбенбаева Н.Т.¹, Дюсембина Г.Е.²

^{*1,2} Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан

Аннотация. Статья посвящена происхождению, этапам развития и классификации теории ценностей. Репрезентация национальных ценностей представлена на основе творчества казахского поэта-лирика Мухтара Шаханова.

В работе рассматриваются как труды зарубежных, так и отечественных учёных, написанные в этом направлении — монографии и статьи. Освещается, как теория ценностей, начавшись с философии, выделилась в самостоятельную науку аксиологию и установила междисциплинарные связи с лингвистикой. В лингвистическом аспекте национальные ценности рассматриваются в соответствии с классификацией Б.С. Ерасова, который делит их на категории: жизненные; социальные; политические; моральные; религиозные; эстетические. В статье подчёркивается, что в зависимости от жизненных ориентиров, менталитета и воспитательных особенностей представителей различных этносов система ценностей может существенно отличаться.

Цель исследования — аргументировать, что для представителей казахского народа ценность «ар» (честь, совесть) находится в основе всей системы ценностей, и доказать это через репрезентацию ассоциативных полей концепта «ар» в поэтических строках М. Шаханова.

В результате исследования авторы приходят к выводу, что национальные ценности казахского народа укладываются в триаду «мал — жан — ар» (имущество — душа — честь), и, согласно приведенной выше классификации, «мал» относится к социальной категории, «жан» — к жизненной, а «ар» — к моральной. В результате исследования доказано, что указанные ценности в произведениях М. Шаханова репрезентируются посредством лексических, грамматических единиц и синтаксических конструкций.

Научная значимость исследования заключается в том, что выводы статьи способствуют углублённому пониманию таких научных направлений, как аксиология, когнитология, лингвокультурология. Теоретические результаты исследования вносят вклад в осмысление взаимосвязи между языком и мышлением, языком и речью, а также в понимание роли национальных ценностей.

Ключевые слова: теория ценностей, система ценностей, национальные ценности, аксиология, репрезентация, лингвокультурология, концепт, когнитивная лингвистика

**REPRESENTATION OF NATIONAL VALUES
(BASED ON THE WORKS OF M. SHAKHANOV)**

* Turikbenbayeva N.¹, Dyusimbina G.²

^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article is devoted to the origin, stages of development and classification of the theory of values. The representation of national values is presented on the basis of the work of Kazakh poet-lyricist Mukhtar Shakhanov.

The paper considers both foreign and domestic scientists' works written in this direction – monographs and articles. The paper highlights how the theory of values, having started from philosophy, developed into an independent science of axiology and established interdisciplinary links with linguistics. In the linguistic aspect, national values are considered in accordance with the classification of B.S. Erasov, who divides them into categories: vital; social; political; moral; religious; aesthetic. The article emphasises that depending on the life orientations, mentality and educational peculiarities of representatives of different ethnic groups, the system of values may differ significantly.

The aim of the study is to argue that for the representatives of the Kazakh people the value 'ar' (honour, conscience) is at the heart of the whole system of values, and to prove it through the representation of associative fields of the concept 'ar' in the poetic lines of M. Shakhanov.

As a result of the study, the authors conclude that the national values of the Kazakh people are embodied in the triad "mal – zhan – ar" (livestock/wealth – soul – honor). According to the above classification, mal belongs to the social category, zhan to the life (vital) category, and ar to the moral category. The study demonstrates that these values in the works of M. Shakhanov are represented through lexical and grammatical units as well as syntactic constructions.

The scientific significance of the study lies in the fact that the conclusions of the article contribute to a deeper understanding of such scientific areas as axiology, cognitive science and linguocultural studies. The theoretical results of the study contribute to the comprehension of the relationship between language and thinking, language and speech, as well as to the understanding of the role of national values.

Keywords: value theory, value system, national values, axiology, representation, linguoculturology, concept, cognitive linguistics

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 04.11.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.06.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Турикбенбаева Нурсауле Толеповна – докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: 1994nursaule@mail.ru, ORCID: 0009-0008-1285-8852_

Дюсембина Гулсамал Ерболовна – PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: gulka_07@mail.ru, ORCID: 0000-0002-0121-9069

Информация об авторах:

Нурсауле Туриқбенбаева Толеповна – докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: 1994nursaule@mail.ru, ORCID: 0009-0008-1285-8852

Дюсембина Гулсамал Ерболовна – PhD, и.о.ассоциированный профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: gulka_07@mail.ru, ORCID: 0000-0002-0121-9069

Information about the authors:

Nursaule Turikbenbayeva – doctoral student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: 1994nursaule@mail.ru, ORCID: 0009-0008-1285-8852

Gulsamal Dyusimbina – PhD, Acting Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulka_07@mail.ru, ORCID: 0000-0002-0121-9069